

**Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты
бойынша
Бұйрық №63**

Ақтөбе қаласы

01.09.2021ж

2021 - 2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезендерін айқындау туралы

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 14-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына» сәйкес Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 31 тамыздағы №444 бұйрығы және Ақтөбе облысының білім басқармасының 2021 жылғы 27 шілдедегі №192 бұйрығы негізінде «Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты» КММ-де 2021-2022 оқу жылын белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдасқан түрде бастау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2021-2022 оқу жылының басталу мерзімі 2021 жылдың 1 қыркүйегі болып белгіленсін.
2. 2021-2022 оқу жылында оқу-тәрбие үдерісі санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, 6-11 (12) сыныптарда дәстүрлі (штаттық) форматта оқыту түрінде жүзеге асырылсын.
3. Сабақтың ұзақтығы 45 минутты құрасын.
4. Оқу жылының ұзақтығы 6-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылсын.
5. 2021-2022 оқу жылы ішіндегі каникул кезендері:
6-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қараша аралығында), қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсан мен 2022 жылғы 9 қаңтар аралығында), көктемгі – 12 күн (2022 жылғы 19-30 наурыз аралығында).
6. Осы бұйрықтың орындалу жауапкершілігі директордың орынбасарлары К.Кулымовқа, К.Советбаеваға, Г.Иманғалиеваға, М.Истигуловаға лауазымдық қызметтеріне байланысты жүктелсін.

Мектеп директоры



К.Е Тлеумагамбетова

**Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты
бойынша
Бұйрық №64**

Ақтөбе қаласы

01.09.2021ж

2021-2022 оқу жылына арналған оқу жұмыс және тәрбие жоспарын бекіту туралы

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығымен бекітілген /2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы/«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары»,Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 19 шілдедегі № 289 бұйрығына /Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 ақпандағы №88 бұйрығымен өзгеріс енгізілген/«Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес 2021-2022 оқу жылының оқу жұмыс жоспары бекітілсін.
2. 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарда оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатының тәрбие бөлімі бойынша, Қазақстан Республикасының Білім мен ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде тәрбие тұжырымдамасы бекітілсін.
3. Оқу-тәрбие жоспарын дайындау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Кулымовқа және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының у.м.а. Г.Иманғалиеваға және М.Истигуловаға міндеттелсін.

Мектеп директоры



К.Е Тлеумагамбетова

**Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты
бойынша
Бұйрық №65**

Ақтөбе қаласы

01.09.2021ж

Мектеп-интернаттың 2021-2022 оқу жылындағы жұмыс режимі туралы

1. 2021-2022 оқу жылының I жарты жылдығына арналған дәстүрлі оқыту форматы бойынша инварианттық бөліктегі 6-11-сыныптар аралығындағы сабақтар дүйсенбі-сенбі күндері аралығына белгіленіп, сабақ кестесі I кезеңге қойылсын және осы күндер аралығына сабақ кестесі бекітілсін.

Сабақ кестесі	
1-сабақ	08.30-09.15
2-сабақ	09.20-10.05
10 минут үзіліс	
3-сабақ	10.15-11.00
4-сабақ	11.05-11.50
15 минут үзіліс	
5-сабақ	12.05-12.50
6-сабақ	12.55-13.40
10 минут үзіліс	
7-сабақ	13.45-14.30

2. 2021-2022 оқу жылының I жарты жылдығына арналған дәстүрлі оқыту форматы бойынша вариативтік бөліктегі 6-11-сыныптар аралығындағы сабақтар дүйсенбі-жұма күндері аралығында түстен кейін, яғни II кезеңге, сенбі күні түске дейін, яғни I кезеңге белгіленіп, осы күндер аралығына сабақ кестесі бекітілсін.

Сабақ кестесі /дүйсенбі-жұма/	
1-сабақ	15.00-15.45
2-сабақ	15.50-16.35

Сабақ кестесі /сенбі/	
1-сабақ	08.30-09.15
2-сабақ	09.20-10.05
10 минут үзіліс	
3-сабақ	10.15-11.00
4-сабақ	11.05-11.50

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Кулымовқа жүктелсін.

Мектеп директоры



К.Е. Тлеумагамбетова